

Мектебімізде тәрбие жұмысы бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүзеге атқарылып отырады.

Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының басталуына орай алғашқы қоңырау мерекелік салтанатты жиыны болып өтті. Алғашқы қоңырау мерекесі 1-сынып бүлдіршіндері мен 9-сынып оқушыларын салтанатты түрде ортаға шақырумен басталды. Мерекелік іс шараны мектеп директорының міндетін атқарушы Кульмағанбетова Гульнара Нургазыевна мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастады. Гульнар Нургазыевна өз сөзінде қазіргі таңда жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру - ұстаздар алдындағы үлкен міндет екенін атап өтті. Директордың оқу ісінің орынбасары Аукарова Бакытжан Серикбаевна 1 сынып оқушыларының оқушылар қатарына қабылданып жатқандығы туралы бұйрықты оқыды. 1 сынып оқушыларына Әліппе табыстау рәсімі мектеп директоры Г.Н.Кульмағанбетоваға бұйырды.

Сондай-ақ, 1- қыркүйек -Білім күні мерекесімен оқушылар мен мектеп ұжымын құттықтап ата-аналар сөз сөйледі. Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты. Алғашқы қоңырауды 1 «Б» сынып оқушысы Керімкүл Көркем және 9 «А» сынып оқушысы Вебер Александр соқты. Қоңыраудан соң барлық сынып оқушылары өз оқу кабинеттерімен танысып, «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы білім күні сабағына қатысты.



«Денсаулық -зор байлық» деген сөздердің астарында үлкен мағына жатыр. Адам баласы үшін денсаулықтан асқан байлық жоқ. Ол ақшаға сатылмайтын, ешбір бағалы затпен тең келмейтін байлығымыз. Сондықтан ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегеніміз абзал. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Денсаулық- бар байлығым» деген тақырыпта «Денсаулық күнін» өткіздік.

Ең алдымен жиналған мектеп мұғалімдеріне және оқушыларға мектеп директорының м.а. Г.Н. Кульмаганбетова сөз сөйлеп, құттықтады. Келесі кезекте дене шынықтыру мұғалімі Истаев М.С. балаларды денсаулық күнімен құттықтап, спортпен шығылданған денсаулыққа өте пайдалы екені жайлы атып өтіп, жаттығу жұмыстарын өткізді.

5-9 сынып оқушылары, дене шынықтыру пәні мұғалімдері Истаев М.С., Жұмаш У.Д. және сынып жетекшілер қадағалауымен, ертерек белгіленген жерге жүгіріп қайтты, келгеннен кейін әр түрлі спорт түрлерін ойнап, жақсы көңіл күймен балалар үйлеріне таратылды.

Бастауыш сыныптары болса дене шынықтыру мұғалімі Бимурзина А.А. бастауыш сынып оқушыларымен мектепті айналып жүгіріп, спорт залда көңілді эстафета ойындарын ойнады.



Жылда мектепте өзін өзі басқару ұйымы бойынша «Мектеп Президенті» сайланады. Оған 7-9 сынып оқушылары қатысып, белгіленген сайыстар бойынша дайындалып, сайысқа қатысады. Қатыспайтын оқитын оқушылар үміткерлерге дауыс беріп, қағаздарын арнайы дайындалған урнаға тастайды. Білімді, өнерлі бала жеңімпаз атанып «Мектеп Президенті» болады. Қалған оқушылар Парламент мүшесі болып тағайындалады. Биыл мектеп президенті болып 9 Б сынып оқушысы Червинская Яна тағайындалды.



15 қыркүйек күні жалпыұлттық отбасы күні аталып өтті. Оған әр сынып оқушылары жеке-жеке отбасылық фото коллаж және отбасылық фидео дайындар инстаграмм парақшасына жүктелді.



Ұстаз күніне арналған «Дубль күні» арналған есеп

30 қыркүйек 2022 жылы мектебімізде «Дубль күні» өтті. Ол күннің жоспары бір жұма бұрын құрылып, бекітілді. Әр оқушыны қабілеттеріне қарай беретін пәндеріне бөліп, сайлады. Мектеп бойынша бұйрық құрылды.

Мектеп директоры: Червинская Яна 9 «Б» сынып оқушысы
Оқу ісінің орынбасары: Сагентаева Арай 9 «Б» сынып оқушысы
Тәрбие ісінің орынбасары: Кайкенов Ильяс 9 «А» сынып оқушысы
Математика пәні мұғалімі: Сарманов Амир 8 «Б» сынып оқушысы
Биология пәні мұғалімі: Алпысбай Тамерлан 8 «А» сынып оқушысы
География пәні мұғалімі: Сагентаева Арай 9 «Б» сынып оқушысы
Ағылшын тілі мұғалімі: Червинская Яна 9 «Б» сынып оқушысы
Дене шынықтыру пәні мұғалім: Сагентаева Алтынай 8 «А» сынып оқушысы
Вебер Александр 9 «А» сынып оқушысы
Жаратылыстану, химия пәндерінің мұғалімі: Серикова Айым 8 «А» сынып оқушысы
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: Шөпшекбай Айдана 9 «А» сынып оқушысы
Көркем еңбек пәні мұғалімі: Қайырлыбай Абдурахим 8 «А» сынып оқушысы
Лынкova Антонина 8 «Б» сынып оқушысы
Тарих, информатика пәндерінің мұғалімі: Кайкенов Ильяс 9 «а» сынып оқушысы
Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: Бейсенбай Мансур 8 «Б» сынып оқушысы
1 бөлімнен кейін мерекелік іс-шара басталды. Меркелік іс-шара ұстаздарға гүл таратып, раушан гүлдерін таратудан басталды. Әр сыныптың дайындаған нөмірлерін тамашаладық. Концерт өте мағыналы, көңілді болды.



«Ботай» этно-мәдени мұражайына саяхат

15.10.2022 ж күні 5А,6А,7А, 7Б сынып оқушылары ашық аспан астындағы «Ботай» этно-мәдени мұражайына саяхатқа барды. Балаларды саяхатқа тарих пәнінің мұғалімі Акжигитов Елжан Канатович және орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Ыбышева Айгуль Каирбековна апарып келді. Музейде балаларды экскурсавот барлығымен таныстырып, балалардың қызығушылығын арттырып отырды. Балалар өте жақсы көңіл күймен барып қайтты.



14.10.2022 ж.күні мектебімізде «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» қариялар күніне арналған мерекелік концерт өткіздік. Концертке ауылдың зейнеткер ақсалдары мен әжелері шақырылды, сонымен қатар мектебіміздің ардагер ұстаздары мен мектеп қабырғасынан зейнетке шыққан әріптестерді қонаққа шақырдық. Алексеевка селолық округының әкімі Алхатов К.Ж. қарияларға арнап мерекелік дастархан жайды. Концертті «Балғын» шағынның тәрбиеленушілері өлеңдерін оқып, билерімен ашып берді.



Бастауыш сынып мұғалімі Мусахметова Гульдана Жанатовна «Ана жүрегі» әнімен баршаны өзіне баулап алды.

Музыка пәнінің мұғалімі Рахимжанов Медет Хайратовичтің дайындығымен бастауыш сынып оқушыларының «Ата-әже» әні, 5-6 «А» сынып қыздарының «Сен сіздерді жақсы көремін» өте жоғары дәрежеде орындалды.

3 «Б» сынып оқушыларының «Репка» ертегісінің қазіргі заманға сай форматта қойылуы барлығының көңілінен шықты.

9 «Б» сынып оқушыларының «Бабушки – старушки», 7 «Б» сыныбының «Два деда», 5 «Б» сыныбының «Веселая сценка» көріністері көңіл күйлерін бір көтеріп тастады.





Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізілді. 2009 жылы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес, 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, 25 қазан - Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған болатын. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев 25 қазан – Республика күні деп қайта еңгізді. Осыған орай мектебімізде Патриоттар шеруі ҚР-ның Әнұранын айту челленджі өтті, оған даярлық сынып тәрбиеленушілері, 1-9 сынып оқушылары және шағын орталық бүлдіршіндері қатысты. «Қыран елім – Қазақстаным» атты сынып сағаттары және салтанаты жиын өткізілді.



Өткен оқу жылынан бастап мектептерде «Оқуға құштар мектеп» жобасы ашылды. Бұл жобаның мақсаты балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.



Жылдағыдай күздің керемет мерекелерінің бірі «Алтын Күз» мерекесін тойлады. Бастауыш сынып оқушыларының арасында сурет көрмесі және күз кереметі (подделка) сайыстары өтті. Бастауыш сынып оқушылары табиғат аясында, таза ауада ойындар ойнап, дастархан жайып көңілдерін көтерді.



5-9 сынып оқушылары арасында 5 түрлі сайыстар құрастырылып, оқушылар топқа бөлініп, өзара жарыс өткізілді. Топтардың әр сайысқа дайындықтары жоғары деңгейде болды. Әділ-қазылар алқасы әділ бағаларын беріп, жеңімпаз команда анықталды.



16-желтоқсан «Тәуелсіздік күні» аталып өтті. Биылғы жылы сынып сағаттары өткізіліп, инстаграмм парақшаларына жүктелді. Мерекелік іс-шараға байланысты шахматтан жарыс өтті.



Жылда мектептің озат оқушылары «Жас Қыран, Жас Ұлан» ұйымына қабылданады. Оның мақсаты өз отанын қастерлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет болуға тәрбиелеу.



Жаңа жыл мерекесі бастауыш сыныптар арасында аниматор тобын жақыртылды.

5-9 сыныптар арасында түрлі түсті кеш ұйымдастырылып, одан кейін музыкалық кеш ұйымдастырылды. Жаңа жыл кешіне балалар өте жақсы қатысып, көңілдерін көтерді.



Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана – өмір шуағы» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Аналарамызды құттықтауға «Балғын» шағын орталығының бүлдіршіндерінен бастап, оқушылар қостап, мұғалімдер ұжымымен аяқтады.



Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14 наурыз күні

болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс.



Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер “патрих”, бирмалықтар “су мейрамы”, тәжіктер “гүл гардон”, “бәйшешек”, “гүлнаурыз”, хорезмдіктер “наусарджи”, татарлар “нардуган”, буряттар “сагаан сара”, соғдылықтар “наусарыз”, армяндар “навасарди”, чуваштар “норис ояхе” деп түрліше атаған.





12 сәуір «Ғарышкерлер күніне» арналған сынып сағаттары және сурет көрмесі өтті.

1 мамыр «Бірлік күніне» арналған «Қазақстан бірлік пен татулық мекені» атты сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар өзін өзі басқару ұйымының дайындаған мерекелік іс-шараны тамашалады.



Мамыр мерекелері мен Жеңіс күні қарсаңында жасына қарамастан барлық мектеп оқушылары мен ұстаздарықатысуымен «Еркін ел ұрпағы» жалпыұлттық патриоттық диктантын жаздық.



7-9 мамыр «Отан қорғаушылар күніне» және «Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттір дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды.



https://www.instagram.com/reel/CsFjEDVo8Kn/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZ
A==

https://www.instagram.com/reel/CsFi71FlaR2/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA
==

https://www.instagram.com/reel/CsFjsbNojIL/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA
==

Қауіпсіздік ережелері бойынша жұмыстар жүргізіліп тұрады.



Мектебімізде дәстүрге айналған «Екі Жұлдыз» байқауы өтті.



Адам баласының есінде ерекше сақталып, үлкен өмірге дайындайтын білім ордасы – мектеп. Қызығы мен шыжығы мол күндер осы мектеп қабырғасында өтеді. Және білім нәрімен сусындатып, алғаш қолға қалам ұстатып, үлкен өмірге дайындаған ұстаз мәңгілік есте қалады. Қажет болса, махаббат атаулысының өзі осы кезеңде орын алады. 4 сынып мұғалімдері Тюлюбаева А.Т. және Мусахметова Г.Ж. 4 сынып оқушыларымен қоштасу кешін ұйымдастырып, орта буынға шығарып алды.

Ата-аналар жиналысы әр тоқсан сайын өтіп, өзекті мәселелер шешіліп отырады. Жиналыс барысында пән мұғалімдері ата-аналармен жеке жүздесіп отырады.

«Жасыл желек» акциясына 9 сынып оқушылары қатысып, мектеп маңайына ағаш отырғызды.



Республикалық челленждерге қатысып отырамыз.



Мектебімізде кекушинкай каратэдан секция өтеді. Сидоренко Максим 5 сынып оқушысы Қостанай қаласында өткен турнирге қатысып І орын иегері атанды.



Аудандық байқау «Әжелер сөзі – өсиет көзі»



1 маусым соңғы қоңырау, балалардың көптен күткен жазғы демалыстарына шығарып салдық. Соңғы қоңырауға қадірлі қонақ, Мәжіліс депутаты Аугалиев Кайрат Досымович келді. Ол өз сөзінде ұстаздарды, оқушыларды және ата-аналарды соңғы қоңырау күнімен құттықтап, мақтау грамоталарын үздік аяқтаған оқушыларға марапаттады. 1 маусым балаларды қорғау күнімен қатар келгендіктен салтанатты іс-шара соңында балаларға арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.К.Мамбетова

